

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 617 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 14 ақпан N 237

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы қаласындағы жол құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 617 Р990617_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосымша жұмыс орындарын құру жөніндегі аймақтық инвестициялық

бағдарламаны қаржыландыру үшін Алматы қаласы әкімінің қарызға қаражат алуы туралы";

кіріспеде "көше арналары мен жолдардың жай-күйінің" сөздері "қосымша жұмыс орындарын құру жөніндегі аймақтық инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру" сөздерімен алмастырылсын;

1-тармақта:

"жол құрылысына" сөздері "қосымша жұмыс орындарын құру жөніндегі аймақтық инвестициялық бағдарлама үшін" сөздерімен алмастырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.